

**"2010-2011 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарына мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 178 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 14 қазандағы № 307 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 29 қазанда № 3347 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 17 маусымдағы № 143 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 17.05.2017 № 143 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңы 27 - бабының 1 - тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңы 28 - бабының 4 - тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 178 "2010-2011 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарына мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3336 болып тіркелген, "Ақтөбе", "Актюбинский вестник" газеттерінде 2010 жылғы 2 шілдеде жарияланған), мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған актінің қосымшасында "2010-2011 оқу жылына республикалық бюджеттің қаржысы есебінен колледждерде мемлекеттік тапсырысты орналастыру" кестесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакциясында баяндалсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің міндетін атқарушы*

*І.Өмірзақов*

Облыс әкімдігінің  
2010 жылғы 14 қазандағы № 307  
қаулысына қосымша

**2010-2011 оқу жылына республикалық бюджеттің қаржысы есебінен колледждерде мемлекеттік тапсырысты орналастыру**

№	Коды	Мамандығы	Біліктілігі	Оқыту тілі	Оқушылар саны	
					9 сынып	11 сынып
<i>Ақтөбе техникалық колледжі</i>						
1	1201123	Автокөлікке техникалық қызмет көрсету, жөндеу, пайдалану	Техник - механик	қазақша	-	25
2	1201123	Автокөлікке техникалық қызмет көрсету, жөндеу, пайдалану	Техник - механик	орысша	-	25
3	0902033	Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша)	Техник - электрик	қазақша	-	25
4	1514093	Экология және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану (салалары бойынша)	Эколог	қазақша	-	25
5	1202063	Көлікте тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару (салалары бойынша)	Техник	қазақша	-	25
		<b>Барлығы: 125</b>			-	<b>125</b>
<i>Ақтөбе құрылыс-монтаж колледжі</i>						
6	1405043	Газбен жабдықтау жүйелерінің жабдықтарын монтаждау және пайдалану	Газ объектілері жабдықтарын пайдалану жөніндегі техник	қазақша	-	25
7	1401213	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	Техник-құрылысшы	қазақша	-	25
8	0902033	Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша)	Техник - электрик	қазақша	-	25
		<b>Барлығы: 75</b>			-	<b>75</b>
		<b>Барлығы: 200</b>			-	<b>200</b>